

## Жангелдин және Науырзым аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгертулер туралы

Қостанай облыс мәслихаты мен облыс әкімінің (кезектен тыс сессия) 1999 жылғы 7 сәуірдегі шешімі. Қостанай облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 28 сәуірде № 80 тіркелді

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосында", "селосы", "селолары", "селоларын", "селосын" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылында", "ауылы", "ауылдары", "ауылдарын", "ауылын" деген сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облыс мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңның 11 бабына сәйкес Жангелдин және Науырзым аудандары әкімдерінің, мәслихаттарының ұсыныстарын карап, **ШЕШТІМ** :

1. Мыналар таратылсын :

- Жангелдин ауданының Аққұм ауылдық округі;
- Науырзым ауданының Жамбыл ауылдық округі.

2. Науырзым ауданында құрылсын :

- әкімшілік орталығы Қараменді ауылында болатын, құрамында таратылатын Жамбыл ауылдық округінің Қараменді ауылы және Жамбыл, Киевка, Новостройка ауылдары бар Қараменді ауылдық округі;
- әкімшілік орталығы Буревестник ауылы болатын, құрамында Буревестник және Ақбұлақ ауылы бар Буревестник ауылдық округі.

3. Мыналардың шекаралары өзгертілсін:

- құрамына таратылатын Аққұм ауылдық округінің Айырқұм және Бердібай ауылдарын қоса отырып, Жангелдин ауданы Албарбөгет ауылдық округінің; құрамында таратылатын Аққұм ауылдық округінің Аққұм ауылын қоса отырып, Жангелдин ауданы Жангелдин ауылдық округінің.

4. Жангелдин және Науырзым аудандарының әкімдері осы шешімді жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

Сессия Қостанай мәслихатының В. Семенова	төрағасы облыстық хатшысы	Қостанай әкімі У. Шөкеев	облысының
---	---------------------------------	--------------------------------	-----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК